

**«БД030100-Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD)  
дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Амирова Меруерт Аскарловнаның «Қазақстан  
Республикасындағы мемлекеттік сатып алу саласын реттейтін заңнамасын  
жетілдіру және құқық қолдану тәжірибесінің өзекті мәселелері» тақырыбындағы  
диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің**

**ШКІРІ**

Қазақстандағы мемлекеттік сатып алуды құқықтық реттеудің өзектілігі бірнеше факторлармен анықталады, олар: экономиканың дамуы, мемлекеттік қаржыларды жұмсаудың ашықтығы мен тиімділігін арттыру қажеттілігі және халықаралық талаптар мен стандарттарға сәйкес болуы.

Біріншіден, мемлекеттік сатып алулар мемлекеттік бюджеттің маңызды бөлігін құрайды, сондықтан олардың ұйымдастырылуы мемлекеттік қаражатты ұтымды пайдалануымен мен тиімді жұмсауымен байланысты. Экономикалық қиындықтар, дағдарыстар, инфляция және тұрақсыздық жағдайында мемлекеттік ресурстарды тиімді және ашық пайдалануды қамтамасыз ету маңызды. Бұл мақсатта заңнаманы жетілдіру, сыбайлас жемқорлықты алдын алу, бәсекелестікті арттыру және сатып алу процесінде әділдікті қамтамасыз ету қажеттілігі туындайды.

Екіншіден, Қазақстан тұрақты даму принциптерін белсенді түрде енгізіп жатқандықтан, мемлекеттік сатып алулардың экологиялық және экономикалық тиімділігі маңызды аспектілердің бірі болып табылады. Сатып алу процесіне экологиялық және әлеуметтік критерийлерді енгізу қазіргі таңда заңнамалық реттеудің өзекті бағытына айналууда. Бұл халықаралық үрдістер мен Қазақстанның қоршаған ортаны қорғау жөніндегі жаһандық келісімдердегі міндеттемелерімен байланысты.

Осылайша, Қазақстандағы мемлекеттік сатып алуды құқықтық реттеудің өзектілігі қазіргі қоғам мен экономика қажеттіліктеріне сай ашық, тиімді және тұрақты жүйе құру қажеттілігімен байланысты.

Диссертация мемлекеттік сатып алу саласында орын алып отырған маңызды өзгерістерді түсіну үшін өзекті әрі заманауи тақырыпты қозғайды. Автор, заңнамалық өзгерістерді талдай отырып, мемлекеттік сатып алу жүйесінің тиімділігін арттыруға, сондай-ақ мемлекеттік ресурстарды ұтымды пайдалану мәселелеріне назар аударады. Бұл бағытта жаңа заңнамалық өзгерістердің еліміздің мемлекеттік сатып алу жүйесін дамытуда маңызды рөл атқаратыны сөзсіз.

Амирова Меруерт Аскарловнаның диссертациясында мемлекеттік сатып алу саласындағы құқықтық реттеудің кешенді әрі терең зерттеуі болып табылады. Диссертацияда бұрынғы заңнаманы және 2025 жылдың 1 қаңтарынан күшіне енетін жаңа мемлекеттік сатып алу туралы заңды салыстырмалы түрде талдау жасалған.

Автор жұмысында мемлекеттік сатып алу жүйесін заңнамалық деңгейде реттеуді ғана емес, оның әлеуметтік, экономикалық және экологиялық аспектілерін де жан-жақты қарастырады. Жұмыстың ерекше мәні — экологиялық және экономикалық тұрғыда тұрақтылық мәселелеріне, атап айтқанда, «экологиялық» және «экономикалық» тиімділікке бағытталған өзгерістерді талдауда. Бұл ұсыныстар халықаралық тәжірибеге сәйкес келеді және Қазақстан үшін өте маңызды, себебі мемлекеттік сатып алулар жүйесіне қойылатын талаптар тек экономикалық тиімділікпен шектелмей, сонымен бірге қоғамның тұрақты даму мақсаттарына сай болуға тиіс.

Мемлекеттік сатып алуларды цифрландыру мәселесі де жұмыста кеңінен қарастырылған. Қазіргі заман талабына сай, цифрландыру мемлекеттік сатып алу жүйесінің тиімділігін арттырудың негізгі жолы болып табылады. Автор цифрлық технологияларды енгізу арқылы мемлекеттік сатып алу саласындағы ашықтықты арттыру және платформаларды унификациялау бойынша нақты механизмдерді ұсынады. Бұл ұсыныстар мемлекеттік сатып алулардың ашықтығын, тұтынушылар мен жеткізушілер

арасындағы байланыстардың сенімділігін арттыруға бағытталған және цифрлық жүйелердің интеграциясы арқылы бұл саланың тиімділігін арттыруға септігін тигізеді.

Диссертацияның бірегейлігі, мемлекеттік сатып алуларды тек инфрақұрылым тұрғысынан емес, құқықтық қатынастар тұрғысынан анықтауға ерекше назар аударылған. Автор мемлекеттік сатып алуларды азаматтық құқықтық қатынастар ретінде қарастырудың маңыздылығын айқындайды. Бұл жаңашыл көзқарас мемлекеттік сатып алу жүйесін құқықтық реттеуді жаңаша, тиімді әрі нақты деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Мұндай тәсіл мемлекеттік сатып алулар саласындағы құқықтық түсініктердің бірізділігін қамтамасыз етеді.

Диссертацияның практикалық маңызы зор, себебі автор ұсынған ұсыныстарды жаңа мемлекеттік сатып алу заңын іске асыруда қолдануға болады. Автордың цифрландыру, тұрақтылық, құқықтық қатынастар тұрғысынан мемлекеттік сатып алуларды анықтау туралы ұсыныстары Қазақстандағы мемлекеттік сатып алулардың тиімділігін арттыруға ықпал ететін маңызды шаралар болып табылады. Бұл жұмыс мемлекеттік сатып алу саласында реформа жасауға және оның ашықтығы мен тиімділігін арттыруға бағытталған көптеген мәселелерді шешуге көмектеседі.

Докторант Амирова М.А. өз диссертациялық жұмысын орындау барысында жоғары орындаушылық тәртіпті, жан-жақтылықты және ұйымдастырушылық қабілеттерін көрсетті. Барлық тапсырмалар уақытында және жоғары деңгейде орындалды, бұл оның жауапкершілігін және жұмыс уақытын тиімді басқару қабілетін айғақтайды. Докторант өздігінен жұмыс істеу қабілетін танытты, бірақ сонымен бірге конструктивті сын мен ұсыныстарға ашық болып, өзін үнемі жетілдіруге ұмтылатынын көрсетті. Бұл оның кәсібилігі мен дамуға деген талпынысын айқындайды.


Жұмыстың құрылымы ғылыми стандарттарға және диссертациялық зерттеулерге қойылатын талаптарға сәйкес келеді. Жұмыс логикалық және жүйелі құрылымға ие, әр бөлім мен тарау бір-бірімен үйлесімді байланысып, жазбаның түсінікті және толық болуын қамтамасыз етеді. Грамматикалық және стилистикалық жағынан да жұмыс жоғары деңгейде жасалған, барлық тұжырымдар нақты және айқын. Автор ғылыми терминологияны дұрыс қолданады және өз ойларын нақты әрі түсінікті жеткізе біледі, бұл жұмысқа оңай түсінуге және ғылыми аудиторияны сендіруге мүмкіндік береді.

Жұмыстың маңыздылығы Қазақстандағы мемлекеттік сатып алуды құқықтық реттеу саласындағы ғылыми ақпаратты арттыруға қосқан үлесінде. Докторанттың зерттеуі мемлекеттік сатып алу қызметінің құқықтық аспектілерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді және ұсынған жаңалықтары болашақта заңнаманы жетілдіруге және осы саланың тиімділігін арттыруға негіз бола алады. Мұндай жұмыстар мемлекеттік сатып алу жүйесінің құқықтық негіздерін нығайтуға және оның тиімділігін арттыруға маңызды үлес қосады.

Қорытынды ретінде, Амирова Меруерт Аскаронаның жасалған диссертациялық жұмысын өздік, жоғары деңгейде орындалған және жаңа зерттеу нәтижесі ретінде тануға болады, диссертациялық жұмысы барлық қойылатын талаптарғы сай келеді. Осыған орай, мен, ғылыми жетекші ретінде, докторанттың диссертациясын қорғауға ұсыныс жасап және «6D030100-Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

#### Ғылыми кеңесші:

«Alikhan Bokeikhan University» Білім беру мекемесі,  
Стратегиялық даму және ғылым жөніндегі проректор,  
Заң ғылымдарының кандидаты



*А.К. Кайшатаева*  
инспектор ОППР  
Ишманова Т. Аманжол

